

Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 247 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 545 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 545 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 151-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 8 н а у р ы з д а ғ ы
N 2 4 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың
(бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру
ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Ереже басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін дайындау, сондай-ақ басым жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін келісу тәртібін айқындайды.

3. Ереженің мақсаты бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) (бұдан әрі - жоба(лар)) іске асыру арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау жүйесінің тиімділігін арттыру болып табылады.

4. Жоспарланатын кезеңнің бірінші немесе екінші жылы іске асырыла бастайтын басым жобалардың тізбелерін қалыптастыру белгіленген тәртіппен бекітілген жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесі бар іріктелген

жобалар негізінде жүзеге асырылады.

5. Жоспарланатын кезеңнің екінші немесе үшінші жылы іске асырыла бастайтын жоспарланатын жобалар ретінде басым жобалардың тізбелерін қалыптастыру іріктелген инвестициялық ұсыныстар негізінде жүзеге асырылады.

6. Басым жобалардың тізбелері басым жобалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдері (бұдан әрі - өтінімдер) негізінде қалыптастырылады.

7. Өтінімдер мынадай құжаттармен қоса енгізіледі:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалар бөлінісінде басымдылық тәртібімен ранжирленген басым жобалардың тізбелері;

2) функционалдық топтар мен бюджеттік бағдарламалар бөлінісіндегі басым жобалардың тізбелері;

3) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті құжаттардың көшірмелері қоса берілген басым жобалардың тізбелеріне енгізу үшін ұсынылатын жобалар бойынша құжаттама құрамы;

4) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны іске асырудың жоспар-кестесі;

5) жоспарланатын кезеңнің әрбір жылы аяқталғаннан кейін жобаларды іске асырудан күтілетін нәтижелердің сандық индикаторларын көрсете отырып, жоба бойынша қажетті құжаттар мен есептер қоса берілген жоспарланатын кезеңнің әрбір жылына арналған жоба бойынша қаржыландыру көлемінің негіздемесі.

8. Өтінімдерді, оның ішінде жергілікті жобалар бойынша өтінімдерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу үшін заңнамада белгіленген мерзімдерге сәйкес экономикалық жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органға тапсырады.

Белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған өтінімдер басым жобалардың тізбелеріне қосу тұрғысынан қаралмайды.

2-тарау. Басым жергілікті жобалардың тізбелерін келісу

9. Басым жергілікті жобалардың тізбелерін қалыптастырған кезде экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға басым жергілікті жобалар тізбелерінің жобаларын тапсырады.

10. Басым жергілікті жобалар тізбелерінің жобаларына талдамалық анықтама қоса беріледі, онда:

1) бюджеттік инвестициялардың өткен орта мерзімді кезеңде жүзеге асырылуын талдау;

- 2) алдағы орта мерзімді кезеңге арналған бюджеттік инвестициялар саясаты;
- 3) сандық индикаторларды келтіре отырып, жоспарланатын орта мерзімді кезеңнің әрбір жылы бойынша күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

11. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган басым жергілікті жобалар тізбелерінің бюджеттік инвестициялардың басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

12. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган басым жергілікті жобалар тізбелерінің жобаларын қарағаннан кейін экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсынымдарын қабылдау жөніндегі (мұндай ұсынымдар болған жағдайда) салыстырма кестемен қоса, оларды мақұлдау үшін жергілікті бюджет комиссияларының қарауына тапсырады.

13. Жергілікті бюджет комиссиялары мақұлдаған басым жергілікті жобалардың тізбелері экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсынымдарын ескере отырып пысықталған талдамалық жазбамен қоса, қабылданбаған ұсынымдар (мұндай ұсынымдар болған жағдайда) жөніндегі себептердің негіздемесімен бірге экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру

ережесіне 1-қосымша

Ұсынылатын республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі

Бюджеттік бағдарламалардың

әкімшісі бойынша _____

(мың. теңге)

Р/с N	Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) атауы	Іске асыру кезеңі	Жалпы құны	Жылдар бойынша қаржыландыру көлемі:		
				Жоспарланып отырған кезеңге дейін, оның ішінде		
				Барлығы	жоспарланып отырғанның алдындағы жылға (факт)	ағымдағы жылға (жоспар)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Жылдар бойынша қаржыландыру көлемі:

Жоспарланып арналған (болжам)	отырған	кезеңге	Жоспарланып отырған кезеңнен кейін
жоспарланып отырған кезеңнің 1-жылы	жоспарланып отырған кезеңнің 2-жылы	жоспарланып отырған кезеңнің 3-жылы	
8	9	10	11

Толтырылған күні _____

(Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жетекшісінің қолы және аты-жөні)

- Ескертпе: 1) 4, 8-11-бағандарда ақпарат бөлшек түрінде - бекітілген басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне сәйкес алымында, бөлімінде ББӘ-нің ұсынысы көрсетіледі;
- 2) 4-бағанда барлық қаржыландыру көздерін есепке ала отырып, жобаның жалпы құны көрсетіледі (2-бағанда қаржыландыру көздері көрсетіледі);
- 3) 6-бағанда қаржы жылындағы жоба бойынша кассалық атқарылу көрсетіледі;
- 4) 7-бағанда бекітілген бюджетке сәйкес жоба бойынша сома көрсетіледі.

Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбелерін қалыптастыру

ережесіне 2-қосымша

жылдарға арналған Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесіне қосуға ұсынылатын бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша

құжаттаманың құрамы

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша _____

P/c N	Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағ-	ТЭН	ТЭН бойынша Мем-сараптаманың қорытындысы	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және	Экономикалық сараптаманың қорытындысы	ТЭН бекіту туралы бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бұйрығы	
						N және күні (келіскен/келіспеген)	Бұйрыққа сәйкес жобаның жалпы

	дарла- маның) атауы			тұрғын үй-комму- налдық шаруашылық комитеті- нің ТЭН-ді бекіту туралы бұйрығы			құны (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

ЖСҚ	Ж С Қ бойынша Мемса- раптама- ның қорытын- дысы	ЖСҚ-ны бекіту туралы бұйрық	Бекітіл- ген ЖСҚ-ға сәйкес жобаның жалпы құны (мың теңге)	Тауарларды (жұмыстарды және қызмет- терді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға сәйкес жобаның жалпы құны (мың теңге)	Жо ба бойынша мемле- кеттік сатып алуды жүргізу туралы ақпарат	Ескертпе
9	10	11	12	13	14	15

Толтырылған күні _____

(Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жетекшісінің
қолы және аты-жөні)

4-6, 10, 11-бағандарда құжаттың күні және нөмірі көрсетіледі

3, 9-бағандарда құжаттаманың болуы туралы ақпарат
көрсетіледі, болмаған жағдайда әзірлену сатысын немесе болмау
себебін көрсету қажет

14-бағанда жобаны іске асыру үшін тауарларды, жұмыстарды және
қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың
өткізілетін күнін, жеңімпаздардың атауын және шарттың сомасын
көрсету қажет.

Басым бюджеттік инвестициялық
жобалардың (бағдарламалардың)
тізбелерін қалыптастыру

ережесіне 3-қосымша

Жобаны іске асырудың жоспар-кестесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: _____

Жобаның атауы _____

Жобаның мақсаты _____
 Мемлекеттік, салалық (секторалдық)
 немесе өңірлік бағдарламаның атауы
 (Бағдарламаның немесе оны
 іске асыру жөніндегі Іс-шаралар
 жоспарының тармағы
 көрсетілсін)

Іске асыру кезеңі 200_ 200_
 Жобаның жалпы
 құны _____ сәйкес айқындалған
 құжаттың атауы, N және күні көрсетілсін

P/c N	Құрау- ыштар атауы	Орындалу/ қаржылан- дыру көлемі (жоба бойынша барлығы)	Іс-шара- лардың атауы	Орындалу/қаржыландыру көлемі	
				Жоба бойынша барлығы	Заттай көрсеткіштің өлшем бірлігі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Орындалу/қаржыландыру көлемі							
оның ішінде жылдар бойынша:							
жоспар- ланып отырған кезеңге дейін	Жоспарланып отырған кезеңнің 1-жылы				Жоспар- ланып отырған кезеңнің 2-жылы	Жоспар- ланып отырған кезеңнің 3-жылы	Одан кейінгі жыл- дарға
	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан			
7	8				9	10	11

Ескертпе: 2-бағанда жобаның бекітілген ТЭН-іне сәйкес айқындалған
 құрауыштар көрсетіледі;
 3, 5, 7-10-бағандарда ақпарат бөлшек түрінде көрсетіледі
 (алымында - заттай көрсеткіш, бөлімінде - мың теңге).